



**Жаратылыстану-математика бағыты**  
**«Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В071-Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру**

**3. Тест мазмұны:**

| №  | Бөлім   | №  | Тақырып   | №  | Тақырыпша  | Оқыту мақсаты  |
|----|---|----|---|----|--|--|
| 01 | Еңбекті қорғаудың жалпы сұрақтары   | 01 | Еңбекті қорғаудың құқықтық негіздері                                | 01 | Еңбек қатынастарының заңнамалық негіздері                  | Еңбек қорғаудың құқықтық актілерін, нормаларын, негізгі ұғымдары мен анықтамаларын зерделеу.                 |
|    |   |    |   | 02 | Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрылымы мен мазмұны    |  |
|    |   | 02 | Еңбек заңнамасының қағидаттары                                      | 03 | Қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері     | Еңбек қатынастарының принциптерін және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттарын зерделеу. |
|    |   |    |   | 04 | Тәртіптік жазалар. Тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі     |  |
|    |   |    |   | 05 | Еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау                      |  |
| 02 | Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту жүйесі | 03 | Еңбекті қорғау жөнінде нұсқаулық жасау.                             | 06 | Нұсқамалардың түрлері, мақсаты, өткізу және тіркеу тәртібі | Еңбекті қорғау және жұмыстарды орындау қауіпсіздігі бойынша оқыту тәртібі мен міндеттерін түсіндіру          |
|    |   |    |   | 07 | Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамаларды әзірлеу әдістемесі   |  |
| 03 | Зиянды және қауіпті өндірістік факторлар.   | 04 | Зиянды факторлардың көздері мен сипаттамалары, олардың адамға әсері | 08 | Зиянды өндірістік факторлардың жіктелуі                    | Зиянды факторларды шығу көздері және адам ағзасына әсер ету түрлері бойынша анықтау және жіктеу.             |
|    |   |    |   | 09 | Жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын жалпы бағалау            |  |
|    |   |    |   | 10 | Еңбек жағдайларына қойылатын гигиеналық нормативтер        |  |

|    |   |    |   |    |  |  |
|----|---|----|---|----|--|--|
| 04 | Өндірістік жарақаттану  | 05 | Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар                   | 11 | Жазатайым оқиғаларды есепке алу және тергеу тәртібі                              | Өндірістік жарақаттанудың қауіпті факторларын және жазатайым оқиғаларды, өндірістік ауруларды есепке алу тәртібін анықтау.         |
|    |   |    |   | 12 | Жазатайым оқиға кезіндегі жұмыс берушінің міндеттері                             |  |
|    |   |    |   | 13 | Өндірістік жарақаттанудың алдын алу  |  |
| 05 | Электр қауіпсіздігінің негіздері  | 06 | Электр тогының соғу қаупі                                       | 14 | Электр тогының соғу факторлары.  | Электр тогының соғу факторларының әсер ету жолдарын, арнайы қорғаныс құралдарының түрлерін зерттеу.                                |
|    |   |    |   | 15 | Электр қондырғыларымен жұмыс істеу кезінде жеке қорғаныс құралдары               |  |
|    |   | 07 | Электр тогының соғуына қатысты электр қондырғыларының жіктелуі. | 16 | Жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастыру іс-шаралары                    | Сәйкесінше электр тогының соғу қаупіне және орындалатын жұмыстардың қауіпсіздігіне қатысты электр жабдықтарының жіктелуін зерттеу. |
|    |   |    |   | 17 | Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті аймақтарда электр жабдығын орнату және таңбалау |  |
|    |   |    |   | 18 | Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелері.          |  |
|    |   | 06 | Өрт қауіпсіздігі негіздері                                      | 08 | Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары                            | 19   |
| 20 | Ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігі.  |    |   |    |  |  |
| 21 | Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндірістердің, үй-жайлардың, ғимараттардың, сыртқы технологиялық қондырғылардың санаттары. |    |   |    |  |  |
| 22 | Өрт сөндіру мен өрт автоматикасы құралдары  |    |   |    |  |  |
| 07 | Ықтимал қауіпті нысандар мен өндірістер   | 09 | Өнеркәсіптік қауіпсіздікті өндірістік бақылау.                  | 23 | Қауіпті өндірістік нысандар.   | Салалық бағытқа байланысты өндірістік объектілердің  |
|    |   |    |   | 24 | Қауіпті техникалық құрылғылар.   |  |

|    |  |    |   |    |  |
|----|--|----|---|----|--|
|    |  |    |   |    | түрлерін зерттеу. Өндірістік қызмет бағыты бойынша тиісті нормативтік-құқықтық актілердің қолданылуын түсіндіру.   |
| 08 | Өндірістік процестердің зиянды факторлары нан жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары | 10 | Қызметкерлерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар | 25 | Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың жұмыскерлерге әсерін болдырмаудың немесе азайтудың жеке қорғаныс құралдары: жіктелуі, мақсаты.              |
|    |  |    |   | 26 | Өндірістік факторлардың зиянды әсерінен ұжымдық қорғаныс құралдары: жіктелуі, мақсаты.   |
| 09 | Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету   | 11 | Алғашқы көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар      | 27 | Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері   |
|    |  |    |   |    | Өндірістік қызмет жағдайында жаракаттанудың түріне, ауырлық деңгейіне және табиғатына байланысты зардап шегушіге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ретін зерделеу. |

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015ж.23 қараша

2. Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ), (1046.)

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің "Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін бекіту туралы" бұйрығы, 2015 (өзгертілген, жаңа редакцияда, ҚР Энергетика министрінің 2021.07.07 № 227 бұйрығы).

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығы. Қауіпті өндірістік нысандар үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы.

5.Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 64 бұйрығы."Электр қондырғыларын орнату ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы.

6.Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 Өрт қауіпсіздігі ережелерін бекіту туралы бұйрығы.

7.Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы бұйрығы.

8.Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы бұйрығы: «Медициналық білімі жоқ, оның ішінде тиісті даярлықтан өткен адамдардың алғашқы көмек көрсету ережелерін және алғашқы көмек көрсету Стандартын бекіту туралы».

9. Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығы.

10.Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығы: Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы.

11.Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің "Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін бекіту туралы" бұйрығы, 2015.

12.Аманжолов.Ж.К., "Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы": Оқу құралы.-Астана: Фолиант, 2011.-440б.

13..Шарипханов.С.Д., Румянцев.Ю.В., Макишев.Ж.К., Мағзеев.Д.Т. "Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары", Оқу құралы / 2019.-Нұр-Сұлтан: "Кәсіпқор" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019ж.

14.Жандаулетова.Ф.Р., Хакимжанов.Т.Е., Санатова.Т.С.. "Еңбекті қорғау": Оқулық, Алматы:

АЭЖБУ, 2018. – 3516.

15. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 927 бұйрығы. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы.

16. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы. Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауға қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытуда, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы



қолы

Т.А.Ә

*Т.А.Ә*

202\_\_ ж.

*[Handwritten signature]*

*[Handwritten signature]*

*[Handwritten signature]*

*[Handwritten signature]*